

Түркістан облысының Қаратай тауы жоталарында Қаратай арқарының миграциялық жолдарын қорғаудың экологиялық дәлізін күру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 149 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 маусымда № 4124 болып тіркелді

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 81-бабының 3-тармағына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Түркістан облысының Қаратай тауы жоталарында жер пайдаланушылар мен меншік иелерінен жер учаскелерін алып қоймай жалпы алаңы – 287521,4 гектар, оның ішінде: Бәйдібек ауданында – 129429,9 гектар, Созақ ауданында – 59996,7 гектар, Тұлкібас ауданында – 34409,5 гектар және Сауран ауданында – 63685,3 гектар Қаратай арқарының миграциялық жолдарын қорғаудың экологиялық дәлізі құрылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялануына жолдануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С.Жамаловқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Ж.Түймебаев

Д.А.Сатыбалды

Ә.Е.Тұргымбеков

Ж.Қ.Бекенбаев

Б.С.Жамалов

Е.Ә.Садыр

Ү.Сәдібеков

А.С.Сәбитов

К.Н.Мендебаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК